

## **Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкісінің шетел кредиттерін тартуы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 қазан N 1304

Шағын және орта бизнес кәсіпорындарының тез өтімді және жоғары тиімді жобаларын қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 1208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісінің жарғысына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне 1996-1997 жылдары Қазақстан Республикасының кепілдемесімен 20 млн. АҚШ доллары сомасында шетел кредиттерін тартуға рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкімен тиісті келісім жасасын

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі